# Қазақстан тарихы 8 - сынып

- С а б а қ т ы ң  т а қ ы р ы б ы :

## Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы

*Тарих пәнінің мұғалімі: Кариева Гүлбану*

2013 жыл

# Үй тапсырмасы
## XIX ғасыр соңындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуы

1. Отаршылдық езгінің күшеюі

2. Сот құрылымындағы өзгерістер

3. Жұмысшы ереуілдерінің басталуы



# "Шын білім әрдайым ақиқат анық болатын білім"

Сынып 3 топқа бөлінеді: 1. "Татулық" 2. "Бірлік" 3. "Ынтымақ"

# 1. Сызбаны толтыру

1886 жылы 2 маусым
ереже

**орталығы**

**1891 жылы 25 наурыз  ереже**

**үш облыс орталығы**

**1886 жылғы ережеге сәйкес құрылған сот жүйесі**

# 2. Білім минуты

1

2

3

4

5

1

**1.XIX ғасырдың 60 жылдарындағы қабылданған реформалар не себепті бірден іске аса қойған жоқ?**
**2. 17 баптан тұратын жаңа патша заңы кімдердің мүддесін қорғады?**

2

1. Уездік және болыстық тұрғындарға қатысты мәселелерді шешетін сот жиыны қалай аталды?
2. Өндіріс орнын өз еркімен тастап кеткен Жұмысшыларға қандай жаза қолданылды?

3

1. **Ереже бойынша генерал губернаторға қандай билік берілді?**
2. **Патша өкіметінің әлеуметтік езгіге салу саясатын неден көруге болады?**

4

**1.Мұсылман тұрғындардың ісін жүргізетін төменгі сот қалай аталды?**
**2. Қалалық полиция басқармалары қандай ірі облыстық орталықтарда құрылды?**

5

**1.Жұмысшылардың  Қазақстан жағдайындағы таптық қарсылықтарын ата?**

**2.   Алғашқы бас көтерулердің бірі Көкшетау кен округіндегі жұмысшылардың қойған талаптары қандай?**

# 3.Картамен жұмыс

1. 1867-1868 жылғы уақытша ереже бойынша қазақ жерінде неше генерал-губернаторлық құрылды? Картадан көрсет

2. 1886-1891 жылғы ереже бойынша қазақ жерінде неше генерал-губернаторлық құрылды? Картадан көрсет

3. Қазақ жерін басқару жөніндегі 1867-1868 жылғы уақытша ереже мен 1886-1891 жылдардағы ереженің қандай айырмашылықтары бар? Картадан көрсет

# Ғажайып алаң

| | | |
|---|---|---|
| “ Барлық Азия елдері үшін Орда кілт пен қақпа ” | Кіші жүзді Патшалы Ресей құрамына қосқан хан | Орта жүздің соңғы ханы |
| 1741 жылы жоңғар тұтқынына түскен хан | Екі жүзді саясат ұстанған хан | Қазақтың соңғы ханы |
| Байбақты руынан шыққан, Пугачев көтерілісіне қатысқан батыр | Кіші жүздің соңғы ханы | Бөкей Ордасында тұңғыш мектеп ашқан хан |

# 28.02.2013 Жаңа сабақтың тақырыбы:

Тұқымдар мен жемістердің жер бетіне қоныс аударуы

## Қазақстан тарихындағы белгілі оқиғалардың бірі:

# Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісу өлкесіне қоныс аударуы.



**Ұйғырлар** — **Қытайдың батысын, Қазақстан мен Орта Азия аймағын мекендейтін түркі тілдес отырықшы халық**

**Дүнгендер** — **Мұсылман дінін ұстанатын қытай тілдес халық . Тілдері қытай тіліне жақын**





# Маңызды оқиғалар

**1864 жылы** → Ұйғырлар мен дүнгендер бірігіп, Қытайдың зорлық-зомбылығына қарсы көтеріліп, жеңіске жетеді. Сөйтіп Тараншы ( Құлжа ) сұлтандығы құрылады.

**1871 жылы** → Осы сұлтандық Жетісу жеріне қыр көрсете бастайды. Бұл қауіпті жою үшін Жетісу генерал- губернаторы Колпаковский Құлжаға басып кіреді.

Құлжа Жетісудың бір уезі ретінде 1881 жылға дейін бағыныштты болды.



Патша өкіметінің бастамасы бойынша ұйғырлар мен дүнгендер Жетісу жеріне қоныс аудара бастады.

1881 жылғы екі ел арасында жасалған Петербург келісімі бойынша Ұйғырлар мен дүнгендер қай елдің қол астында болғысы келетіні туралы 1 жыл ішінде өздері нақты шешім қабылдауға құқықты болды.

Бұл шартты пайдаланған ұйғырлар мен дүнгендердің бір бөлігі 1881 жылдан бастап Жетісу жеріне өз еріктерімен қоныс аударды. Себебі қытайлар ұйғырлар мен дүнгендерге қысым жасап, мазаларын кетірді.



## Ұйғырлар мен дүнгендерді Қазақстан мен Орта Азияға қоныстандыру арқылы патша өкіметі екі түрлі мақсат көздеді:

1. **Қытайдың Құлжа өңіріндегі экономикалық базасын осалдата түспек болды.**

2. **Әскери-саяси жағдай шиеленісіп кеткен жағдайда оларды Қытайға қарсы әскери күш ретінде пайдалану.**

# Қоныс аударушылар саны:

1881-1884 жылдары → 45 мың ұйғыр, 5 мың дүнген қоныс аударды

1897 жылғы жалпы санақ бойынша → ұйғырлар - 56 мың, дүнгендер - 14136 адамға көбейді.

1907 жылы → ұйғырлар - 64 мың, дүнгендер - 20 мың

Қоныс аударушы орыс шаруаларының әрбір ер азаматына

*20-25 десятина жер берілсе*

*Жетісу өңірінің шұрайлы, топырағы құнарлы жерлері берілді*

# Ұйғырлар мен дүнгендерге

*ереже бойынша 10 десятина жер беру керек болатын, бірақ 3 десятинадан ғана жер берілген*

*Ұйғыр, дүнген егіншілеріне қосымша күшті талап ететін қолмен суландырылатын жерлер берілді.*

Қарасу

Жаркент

Қорамса

Қазіргі Алматы облысында 6 ұйғыр болысы ұйымдастырылды

Ақкент

Малыбай

Ақсу-шарын

# Ұйғырлар мен дүнгендердің рухани мәдениеті

Дүнгендердің ғажайып ертегілері бар. Ертегілер мен аңыз әңгіме айтушылар "фофуди" деп аталды.

Ұйғырлар мен дүнгендердің рухани мәдениетін зерттеумен кезінде Ш.Уәлиханов, Н.М.Пржевальский, В.И. Роборовский және басқалары айналысты. Олар бұл халықтардың тарихы, этнографиясы, мәдениеті жөнінде бай мағлұматтар қалдырды.

Ұйғыр ақындарының шығармаларында 1916 жылғы оқиғалар да өз көрінісін тапты. Ол кезде ұйғырлардың да ер азаматтары майдан тылында жұмыс істеу үшін әскер қатарына шақырылған болатын.

Ауыз әдебиетінің тамаша ескерткіштеріне, дүниежүзілік мәдениет қорына жататын " Он екі мұқам " осы халықтың рухани ғажайып төл туындылары. Мусса бен Айса Сайрамидің бұл еңбегі мәңгі есте қаларлық шығарма



# Ұйғырлардың шаруашылығы



- Ұйғырлар негізінен көкөніс, дәнді-дақылдар өсірумен айналысты
- Мақта, жібек құртын өсіруменде айналысты
- Суармалы жер шаруашылығын, жер өңдеуді жақсы меңгерген.
- Алыпсатарлықты да кәсіп етті. Верныйдан Ташкентке тауар алып барып сатты.
- Қолөнер кәсіпшіліктері де дамыды
- Мал шаруашылығы қосалқы кәсіп сипатында болды. Малды көлік не жұмыс күші ретінде ұстады.

**Атақты бай ұйғыр Вали Ахун Юлдашев болды. Оның бір өзі 10 мың десятинаға дейін жерді жалға ала алатын. В.А.Юлдашев өз қаражатына Ұлыбританиядан алдыртқан кемесін Іле өзеніне алғашқылардың бірі болып жүргізді.**

**Маньчжурлар ұйғырларды жер өңдеуді жақсы меңгеруіне байланысты " Таранша " деп атаған. Ол жер жыртушы, диқан деген мағына береді. Орыстар ұйғырларды " Таранчи " деп атаған.**

**Қоныс аударушы дүнгендердің алғашқы толқынын Бый Янь Ху басқарды.**



# Дүнгендердің кәсіпшілігі:




- Кәсібі егіншілік, бау-бақша өсіру, ұсақ-түйек сауда жасау
- XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап Жетісуда алғашқылардың бірі болып күріш еге бастады.
- Мал өсіру қосалқы сипат алды.Жүк тасу кәсібімен айналысу үшін жылқы мен өгіз ұстады.
- Қамыстан ши тоқыды
- Сынған ыдыстарды құрсаулап жөндеуді кәсіп етті.

# *Құжаттар сөйлейді:*

“ Балқаш – Іле бойында су жолының қалыптасуы – Өлке үшін аса маңызды іс. Іле бойында еңбекқор ұйғыр, дүнгендердің Құлжадан қоныс аударылғандардың орналасуы өлкені гүлденген
және бай ауданға айналдырды.”

Жетісу губернаторы : Г. Колпаковский

4 шілде 1883 жыл

ҚР-ң орталық мемлекеттік мұрағаты. 64 қор

қазіргі
тұрып жатқан жерлерінде
Қытайдың қол астында
қала беруіне де, Ресейдің
жеріне өтіп, оның
қарамағына
өтуіне де ерік беріледі.
Ресейге қоныс аударғысы
келетіндер бір жыл ішінде
ойланып шешім
қабылдауы
тиіс...”

1881 жылғы 24 ақпандағы Санкт-Петербург бейбіт келісім шартынан

Қазақстан тарихы Халықтар мен мәдениеттер Алматы 2000ж 220 бет

# Бейнеролик

# Қазақстан - көпұлтты мемлекет

## ҚР -ң конституциясы 14 бап 2 тармағы




**“ Тегіне, әлеуметтік , лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.”**




## ҚР -ң конституциясы 51 бап 1 тармағы

**Елдегі биліктің әр бұтағынан да өзге ұлт өкілдерін кездестіруге болады. Конституция бойынша Парламент мәжілісіне 9 депутат Қазақстан Халқы Ассамблеясының атынан сайланады.**

**Тәуелсіздігінің 22-ші жылына аттаған елдің бүгінгі бар жеткені бір ғана бірліктің арқасында. мемлекеттің әл-ауқаты артып, елдің тұрмысы түзелді. Аяғымыздан енді тұрып жатқан кешегі елең-алаң заманда ынтымақ пен татулығымыз болмағанда, жұрт болып жұмылып, ел болып еңсе көтерудің өзі неғайбыл еді. Осы бірлік пен түсiністіктің арқасында небәрі 22 жылдың ішінде тәуелсіз ел құрдық. Қазақстанымызды бүкіл дүние жүзіне әйгілі халық, әйгілі мемлекет жасадық. Экономикамыз көтерілді. Халықтың әл-ауқаты жақсарды. «Шығыстың барыстары» деп жүретін мемлекеттердің қатарына қосылды. Елдегі татулықтың берік тірегіне айналған мызғымас институт Қазақстан Халқы Ассамблеясы табысты жұмыс істеп келеді. Тілі басқа болса да тілегі, жүзі басқа болса да жүрегі бір жүз отыздан аса ұлт пен ұлыс үшін бір ғана мүдде –достық болса, олардың ортақ арманын бір ғана Отан орындайды. Ол Қазақстан**


ҚАЗАҚСТАН






НАЗАРБАЕВ

# Жаңа сабақты бекіту

# Ойлан тап

Тараншы деп ұйғырларды кімдер атады?

Дүниежүзілік мәдениет қорына жататын ауыз әдебиетінің тамаша ескерткіші ?

1881 жылы Патшалы Ресей мен Қытай арасында жасалған келісім қалай аталды?

# Тапқыр болсаң тауып көр

**Мына тұлғалар ұйғырлар мен дүнгендер мәдениетін зерттеді ма? Артығын тап.**

Қ. Сәтпаев, Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов,

Ә.Марғұлан, В.А.Юлдашев, В.И.Роборовский,

Н.М.Пржевальский, Г.Колпаковский

# Сәйкестендір:

| | |
|---|---|
| Н.М. Пржевальский | атақты көпес |
| Г.Колпаковский | дүнгендерді басқарушы |
| Вали Ахун Юлдашев | орыс географы саяхатшысы |
| Бый Янь ху | ұйғыр жазушысы |
| Мусса бен Айса Сайрами | Жетісу губернаторы |

# Дискуссиялық өрнек

| р /с | Мәтін жолдары | Дұрыс | Қате |
|---|---|---|---|
| 1 | Ұйғырлар мен дүнгендер Жетісуға қоныс аударуына орыс халқының қысым көрсетуі себеп болды. | | |
| 2 | Қытай мен Патшалы Ресей арасында жасалған келісім “ Пекин ”келісімі деп аталды. | | |
| 3 | Дүнгендерде ертегі мен аңыз айтушылар “ Фофуди ” деп аталды. | | |
| 4 | Ұйғырлар мал бағуды жақсы меңгерген | | |
| 5 | Ұйғыр ақындарының шығармаларында 1916 жылғы оқиғалар да көрініс тапты. | | |
| 6 | Ұйғырлар мен дүнгендер христиан дінін ұстанады. | | |

# Қорытындылау



## Елбасы Н.Назарбаев сөзі:

"Қазақстан - мемлекет құрушы ұлт, сондықтан басқа ұлт өкілдері мемлекет құрушы ұлтқа, оның тілі мен мәдениетіне аса бір сыйластықпен қарауы керек."

# Оқу түбі - тоқу

**Үйге тапсырма:**

1. **§29. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы**

**2. Іздену жұмысы: “Өздерің мекен еткен жерде ұйғырлар мен дүнгендер бар ма?”**

# Бір-біріңді тексер

1.Ұйғырлар мен дүнгендер Қазақстанның қай аймағына қоныс аударды?

2. Қай жылдан бастап ұйғырлар мен дүнгендер Қазақстанға қоныс аудара бастады?

3. Алғашқы уақытта қоныс аударған ұйғырлардың саны қанша?

4. Жетісудың қосымша күшті талап ететін қолмен суландырылатын жерлері кімдерге берілді?

5. Ұлыбританиядан Вали Ахун Юлдашев өзінің қаражатына Не алдырды?

6. Қытай мен Патшалы Ресей арасындағы Петербург келісімі Қай жылы болды?

7. Таранша қандай мағына білдіреді?

8. Қазіргі Алматы облысында қанша ұйғыр болысы ұйымдастырылды?

9. Жетісуда алғаш күрішті еккен кімдер?

10. Ұйғырлар мен дүнгендер қай дінді ұстанды?

# Дұрыс жауап кілті:

1. Жетісу
2. 1881
3. 45 мың
4. Ұйғырлар мен дүнгендерге
5. Кеме
6. 1881
7. Жер жыртушы, диқан
8. 6
9. Дүнген
10. Мұсылман

Бағалау 9-10 - "5" 7-8 - "4" 4-6 - "3"

# Тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет!!!